**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі N 367 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 ақпандағы N 208 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 9 наурыздағы № 114 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 09.03.2022 № 114 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 21 сәуірдегі N 367 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 12, 98-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясы (Мемтерминком) туралы ережеде:

5-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Комиссияның құзыретіне енетін жекелеген мәселелерді қарау үшін терминологиялық секциялардың ғылыми хатшылары мен Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің Тілдерді дамыту жөніндегі департаменті терминология және сөз мәдениеті бөлімі қызметкерлерінің ішінен жұмыс топтарын құру";

9-тармақ алынып тасталсын;

10-тармақ алынып тасталсын;

2) аталған қаулының қосымшасында:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Мемлекеттік терминология комиссиясының құрамына мыналар енгізілсін:

Қасейінов - Қазақстан Республикасының Мәдениет
Дүйсен Қорабайұлы министрі, төраға

Омаров - Қазақстан Республикасының Мәдениет
Бауыржан Жұмаханұлы министрлігі Тілдерді дамыту жөніндегі
департаментінің директоры, хатшы

Айымбетов - Қазақстан Республикасының Парламенті
Мәди Сенатының Аппараты Редакциялау,
аударма және актілер шығару
бөлімінің меңгерушісі (келісім

бойынша)
Айтбайұлы - Қазақстан Республикасы Білім және
Өмірзақ ғылым министрлігінің "А.Байтұрсынов
атындағы Тіл білімі институты"
республикалық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорны жанындағы Терминологиялық
орталықтың директоры
Қалиев - Қазақстан Республикасы Білім және
Байынқол Қалиұлы ғылым министрлігінің Абылайхан
атындағы Қазақ мемлекеттік әлем
тілдері университетінің профессоры
Серғалиев - Қазақстан Республикасы Білім және
Мырзатай Серғалиұлы ғылым министрлігінің Л.Гумилев
атындағы Еуразия ұлттық
университетінің қазақ тіл білімі
кафедрасының меңгерушісі
мына:
"Хұсайын - Қазақстан Республикасының Білім және
Көбей Шахметұлы ғылым министрлігі А. Байтұрсынов
атындағы Тіл білімі институтының
директоры, төрағаның орынбасары"
деген жол мынадай редакцияда жазылсын:
"Хұсайын - Қазақстан Республикасы Білім және
Көбей Шахметұлы ғылым министрлігінің "А. Байтұрсынов
атындағы Тіл білімі институты"
республикалық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорнының директоры, төрағаның
орынбасары";

көрсетілген құрамнан: Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлы, Нұрмаханов Арыстанбек Нұрмаханұлы, Абдрахманов Сауытбек, Сейдімбек Ақселеу, Бодаубаев Болат Қамиұлы, Қараев Жауымбай Амантұрлыұлы шығарылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК